


**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»

М.Әуезов атындағы ОҚЗУ
«ҒЖЖИ» жөніндегі проректор
Сулейменов У.С.
2025 ж.



**XVII - РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СТУДЕНТТІК ПӘНДІК ОЛИМПИАДАНЫ
6B07360 - «КАДАСТР» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

ШЫМКЕНТ, 2025

XVII - РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СТУДЕНТТІК ПӘНДІК ОЛИМПИАДАНЫ 6B07360 - «КАДАСТР» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

XVII Республикалық студенттік пәндік олимпиада (бұдан әрі - Олимпиада) 6B07360-«Кадастр» білім беру бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының базалық жоғары оқу орындарында республикалық студенттік пәндік олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдарға сәйкес өткізіледі. Жоғары оқу орнының командасы 2025 жылы XVII Республикалық студенттік пәндік олимпиаданы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің (бұдан әрі - ОҚЗУ) базасында өткізу құқығын алды.

1.1 Олимпиаданың негізгі мақсаты – ең талантты және шығармашыл студенттерді анықтау және қолдау, сондай-ақ студенттердің оқу-танымдық және ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру.

1.2 Олимпиадаға Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының 6B07360-«Кадастр» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы студенттері қатысады.

1.3 Олимпиаданы ұйымдастырушы – ОҚЗУ-дың Аграрлық факультетінің «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасы.

2. Олимпиада қатысушылары

2.1 Олимпиадаға Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының 6B07360-«Кадастр» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы студенттері қатысады.

2.2 Әрбір жоғары оқу орны құрамында 2-4 курс студенттері бар 3 адамнан аспайтын команданы ұсынады.

2.3 Олимпиада командалық есепте өткізіледі.

2.4 Олимпиаданың жұмыс тілдері: қазақ және орыс тілдері.

2.5 Олимпиадаға қатысу үшін төлем алынбайды.

3. Олимпиаданы өткізу мерзімі

3.1 Олимпиада 2025 жылдың 24-25 сәуірінде өтеді.

4. Олимпиаданы өткізу тәртібі

4.1 Олимпиаданы ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз ету үшін ОҚЗУ Олимпиада ұйымдастыру комитетін құрады. Ұйымдастыру комитеті Олимпиаданы ұйымдастыру, қатысушылардың материалдарын қабылдау, Олимпиаданың тапсырмаларын әзірлеу, қазылар алқасын құру, қатысушыларды Олимпиаданың тақырыбы мен тапсырмаларымен таныстыру, нәтижелерді жариялау және дипломдарды табыстау жұмыстарын жүргізеді.

4.2 Қатысушылар Олимпиада ұйымдастыру комитетінің электрондық поштасына тіркеу карточкасын (тіркеу карточкасының нысаны ақпараттық хатта берілген) жібереді. Олимпиада қатысушыларының тіркеу карточкалары 2025 жылғы 15 сәуірге дейін қабылданады және каралады. Өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша (1-қосымша) Олимпиада қатысушыларына ұйымдастыру комитетінен Олимпиадаға шақыру және Олимпиада бағдарламасы жіберіледі.

4.3 Ұйымдастыру комитеті өтінімді қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.

4.4 Олимпиада офлайн форматта өткізіледі.

4.5 Қатысушылардың кезектілігі байқау алдында жеребе тарту арқылы анықталады.

4.6 Олимпиада командалық жүйеде өткізіледі.

4.7 Олимпиаданың барлық конкурстарын бағалау үшін ұйымдастыру комитеті құрамында 3 адамнан тұратын қазылар алқасын құрады. Қазылар алқасы өндірістік ұйымдардың қызметкерлерінен құралып, ұйымдастыру комитетінің шешімімен бекітіледі.

4.8 Олимпиада 2 турдан тұрады.

4.9 Олимпиаданың басында қатысушылар өз командасын (сәлемдесу) көпшілік алдында таныстырады. Презентация мазмұны: команданың атауы, ұраны мен логотипі, кәсіби көзқарасы және т.б. болуы мүмкін. Команданың сөйлеу уақыты – 2 минут (регламент сақталуы қажет). Сәлемдесу бағаланбайды, тек номинациялар беріледі. Видеоролик-сәлемдесуді 2025 жылғы 15 сәуірге дейін (yeldar0202@gmail.com) поштасына жіберу қажет.

4.10 Бірінші турда қатысушылар тест тапсырмаларын орындайды. Тестілеу компьютерде өтеді. Тест 40 сұрақтан тұрады (сұрақтар «Геодезия», «Жер кадастры» базалық пәндері бойынша құрастырылған), тестілеу уақыты 40 минут. Әрбір сұрақ – 1 балл, барлығы – 40 балл. Шпаргалка қолдануға (телефон, смарт-сағат, микроқұлақпап, қағаздар және т.б.) тыйым салынады. Егер шпаргалка қолданылса, қатысушыға ескерту жасалады, қайталанған жағдайда тесттен шығарылады. Қатысушы өзімен бірге тек қалам мен апелляциялық бланк ала алады. Олимпиада командалық сипатқа ие болғандықтан, команданың тест нәтижелерінің орташа балы есептеледі. Қатысушы тест нәтижелерімен келіспеген жағдайда апелляция бере алады. Апелляция негіздері: дұрыс құрастырылмаған тест сұрақтары, бір сұрақтың екі рет қайталануы, тестілеу барысында компьютерлік техниканың немесе бағдарламалық жасақтаманың істен шығуы. Апелляцияға өтінім тек тестілеу кезінде берілген апелляциялық бланк болған жағдайда және оператордың қолы қойылғанда ғана қабылданады. Егер өтініште көрсетілген себептер апелляциялық комиссия төрағасына дәлелденсе, 3 адамнан тұратын комиссия оң шешім шығарады.

4.11 Екінші тур – «Геоакпараттық жүйелер мен қазіргі геодезиялық әдістерді қолдану арқылы жер кадастры жұмыстарының сапасын арттыру» тақырыбы бойынша жобаны қорғау. Жобада келесі мәселелер қарастырылады:

- Жер кадастрында ГАЖ технологияларының маңызы;
- Жер кадастры жобалары үшін инновациялық шешімдер;
- Қазіргі әдістердің кадастрлық жұмыстар сапасына әсері;
- ГАЖ және геодезиялық әдістердің жер ресурстарын басқарудағы рөлі;
- Жер кадастрында ГАЖ дамуының болашағы.

Міндеті: студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту және жер кадастрына қызығушылығын арттыру, дарынды студенттерді қолдау үшін қажетті жағдайлар жасау, ғылыми білімді насихаттау. Жобаны әзірлеу – презентация келесі бағдарламалардың бірінде дайындалады: Microsoft PowerPoint/Canva/Prezi; жоба (WORD форматындағы құжат және презентация) 2025 жылғы 15 сәуірге дейін сағат 00:00-ге дейін (Астана уақытымен) ұйымдастыру комитетінің электрондық поштасына жіберіледі: rrrrrrr@mail.ru. Команданың сөйлеу уақыты – 7-10 минут. Қорғау барысында тек жобаның негізгі идеялары мен нәтижелерін баяндау ұсынылады. Екінші тур 60 балдық шкала бойынша бағаланады:

- Жаңашылдық және өзектілік (10 балл);
- Тақырыптың талдауы мен синтезі (20 балл);
- Қорытындылардың негізділігі (20 балл);
- Көрнекілік, техникалық сауаттылық (10 балл).

4.12 Олимпиаданың әр турының тапсырмаларын орындау нәтижелері бойынша командалық нәтижелер жарияланады. Екі турдың қорытындысы бойынша максималды балл – 100. Барлық деректер хаттамаларға енгізіліп, қазылар алқасының мүшелері қол қояды. Қазылар алқасының жұмысының нәтижелері қорытынды хаттамамен рәсімделіп, отырыста бекітіледі.

4.13 Олимпиада аясында «Креативті команда», «Үздік зерттеу тобы» және басқа да номинациялар қарастырылған.

4.14 Олимпиаданың барлық турларында тапсырмаларды орындау нәтижелері бойынша қазылар алқасы жеңімпаздар мен жүлдегерлерді жинаған баллдары негізінде анықтайды.

5. Олимпиаданың қорытындысын шығару

5.1 Олимпиаданың қорытындысы қазылар алқасының соңғы отырысында шығарылады.

5.2 Олимпиада нәтижелері 2025 жылғы 25 сәуірде қазылар алқасының жұмысын аяқтағаннан кейін жарияланады, жеңімпаздар марапатталады.

5.3 Олимпиаданың барлық қатысушыларына қатысушы дипломдары табысталады.

5.4 Олимпиада жеңімпаздарына I, II, III дәрежелі дипломдар беріледі.

6. Қосымша ақпарат

Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізуге жауаптылар:

1. Кенжалиева Гулмира Дуйсенбаевна – кафедра меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты, «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасының қауымдастырылған профессоры.


Байланыс телефоны: +7 7072178249.


2. Кенжехан Елдар – магистр, «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасының оқытушысы. Байланыс телефоны: +7 7756248125.

Электрондық пошта: yeldar0202@gmail.com

Мекен-жайы: Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5.

Олимпиада материалдары университеттің ресми сайтында жарияланады.

«Аграрлық» факультетінің деканы:  Тастанбекова Г.Р.

«Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасының меңгерушісі:  Кенжалиева Г.Д.

«Аграрлық» факультетінің СҒЗЖ жауапты:  Дуанбекова А.Е.